



«Нархоз Университеті» КеАҚ-нда қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана
отырып аралық аттестациялау кезеңінде емтихан өткізу
РЕГЛАМЕНТІ

Алматы, 2020

Құжаттың паспорты

Құжат атауы	Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып аралық аттестациялау кезеңінде емтихан өткізу регламенті
Қысқаша сипаттамасы	Регламент емтихан тапсыру процедурасын қарастырады Аралық аттестация
Тақырып:	
Мәртебесі:	
Бекіту мерзімі:	_____
Іс-әрекеттің аяқталу мерзімі:	шектелмеген
Аудит мерзімі:	_____
Аудитке жауапты:	Академиялық қызмет жөніндегі проректор

Келісім парағы

Академиялық қызмет жөніндегі проректор



С.Ы.Умирзаков

Ректордың құқықтық мәселелер
бойынша кеңесшісі



Л. Бисенғали

Мазмұны

<u>КҰЖАТ ПАСПОРТЫ</u>	2
<u>КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ</u>	3
<u>ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</u>	5
<u>ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТҮРЛЕРІ</u>	5
<u>ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ</u>	5
<u>ЕМТИХАН ЖҰМЫСТАРЫН ТЕКСЕРУ</u>	7
<u>ЭССЕНІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ</u>	8
<u>ЕМТИХАН БАҒАСЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ</u>	9
<u>АПЕЛЛЛЯЦИЯ ТӘРТІБІ</u>	9
<u>ТАРАПТАРДЫН ЖАУАПТЫЛЫҒЫ</u>	9

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы регламент Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31.10. №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «Нархоз Университеті» КЕАҚ білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу қағидаларына, Академиялық саясатқа, «Нархоз Университеті» КЕАҚ Жарғысына (бұдан әрі - Университет) сәйкес әзірленді.

1.2. Осы регламент апелляция процедурасын қоса алғанда, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып өткізілетін Университет білім алушыларын аралық аттестаттау шеңберінде емтихандарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын жауапты адамдардың өзара іс-қимылы мен функцияларының тәртібін қоса алғанда, аралық аттестаттау кезеңінде емтихандарды ұйымдастыру, дайындау және өткізу тәртібін белгілейді.

1.3. Аралық аттестаттау кезеңіндегі емтихандар тиісті академиялық кезеңде білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелерін меңгеруін бағалау мақсатында Университетте өткізіледі.

2. Емтихан өткізу түрлері

2.1. Аралық аттестаттау кезеңіндегі емтихандар жазбаша, ауызша немесе аралас формада өткізіледі.

2.2. Емтихан тапсырмаларының санын оқытушы анықтайды.

2.3. Тапсырмалар тиісті оқу пәні бойынша силлабуста көрсетілген оқу нәтижелерін бағалауға бағытталған.

2.4. Емтиханды өткізу нысаны және оның пәнді қорытынды бағалаудағы үлесі / салмағын оқытушы анықтайды және ол силлабуста көрсетіледі.

3. Емтихан өткізу тәртібі

3.1. Емтихандар бекітілген кестеге сәйкес академиялық күнтізбеде көзделген кезеңде өткізіледі.

3.2. Емтихандар Moodle/Zoom/Microsoft Teams платформаларында қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы жүргізіледі.

3.3. Білім алушы емтиханға тіркеле және оған қатыса отырып, ол Университеттің емтихан тапсыру тәртібін реттейтін ішкі құжаттарымен танысқанын растайды, сондай-ақ Университетке емтихан тапсыру үдерісінің бейне және аудио жазбаларын жүргізуге келісім береді.

3.4. Білім алушы өзінің есептік жазбасына үшінші тұлғаларға қол жеткізбейтініне міндеттенеді. Білім алушыға емтихан тапсыру және емтихан тапсырмаларын орындау үдерісінде үшінші тұлғаларды тартуға тыйым салынады.

3.5 Емтихан кезінде білім алушылар Moodle/Zoom/Microsoft Teams платформаларынан шыға алмайды.

3.6. Білім алушы емтихан аяқталғанға дейінгі қалған уақытты өз бетінше бақылайды.

3.7. Емтихан тапсыру кезінде білім алушыларға Copy & Paste (мәтінді көшіру) функциясын пайдалануға, бір мезгілде немесе қатар түрлі құрылғылардан білім беру порталына кіруге тыйым салынады. Бұл талап бұзылған жағдайда емтихан тапсыруға әрекет автоматты түрде бұғатталады.

3.8. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып емтихан тапсыру үшін Білім алушыда:

- техникалық құрал - камерасы, микрофоны, динамиктері бар компьютер/ноутбук/планшет;
- кең жолақты Интернетке қолжетімділік;

- энергиямен жабдықтау болу керек.

3.9. Білім алушыда Регламенттің 3.8 т. көрсетілген ресурстар болмаған жағдайда, емтихан өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Білім алушы Университет ғимаратында немесе Ustudy тестілеу орталықтарында (елді-мекенін көрсете отырып) емтихан тапсыру мүмкіндігін ұсыну туралы Университет студенттеріне қызмет көрсету орталығына өтініш жасауға құқылы. Ustudy тестілеу орталықтарында емтихан тапсыруға байланысты шығындарды Университет көтереді.

3.10. Білім алушы Регламенттің 3.9-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Регламенттің 3.8-тармағында көрсетілген ресурстардың болмау себебінен емтихан тапсыра алмауына байланысты барлық тәуекелдерге өзі жауапты болады.

3.11. Емтихан басталғанға дейін білім алушы мен оқытушы міндетті:

- өзінің техникалық құралының техникалық жағдайын тексеру (камера, микрофон, динамика, құрылғы заряды);

- тегін speedtest сервисі арқылы <https://www.speedtest.net/ru> интернет-арнаның жылдамдығын тексеру (Интернет-арнаның ұсынылатын жылдамдығы кемінде 5 Мбит/сек құрайды);

- емтихан тапсыру үшін ұсынылатын браузерді орнату-Google Chrome емтихан тапсыру сәтіндегі соңғы нұсқасы (браузерді орнатуға арналған сілтеме - <https://www.google.com/chrome/> ; браузердің нұсқасын тексеру және жаңарту сілтемесі - `chrome: // help/`);

- браузердің кэшін тексеріп, тазалауға.

3.12. Емтихан өткізілетін күні Білім алушы емтихан өткізу формасына қарамастан, емтихан басталғанға дейін 15 (он бес) минуттан кешіктірмей бейнеконференцияға сілтеме (емтиханға сілтемелер «Banner» ААЖ-дағы жеке кабинетте көрсетілген) бойынша қосылуға тиіс. Егер компьютерде камера болмаса, білім алушы бейнеконференцияға қосылу үшін ұялы телефонды пайдалана алады.

3.13. Бейнеконференцияда оқытушы білім алушыларды сәйкестендіреді, содан кейін бейнеконференция сессиясы қосылған кезде білім алушылар порталға кіреді <https://narxoz.online> және емтихан тапсырады. Емтихан өткізу барысы бейнежазбаға түсіріледі.

3.14. Егер білім алушы емтиханға уақыт бойынша дәлелсіз себептермен кешіксе, ол оқытушының рұқсатымен емтихан тапсыруға кіре алады, бұл ретте емтихан уақыты ұзартылмайды. Уақытша денсаулықтың нашарлауы, ауыр отбасылық жағдайлар дәлелді себептер болуы мүмкін, сондай-ақ мұғалімнің шешімі бойынша басқа жағдайлар дәлелді себептер ретінде танылуы мүмкін.

3.15. Жазбаша немесе аралас емтихандар бойынша орындалған тапсырмаларды жіберудің белгіленген мерзімдері дәлелді себептерсіз сақталмаған жағдайда студентке «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Уақытша денсаулықтың нашарлауы, ауыр отбасылық жағдайлар дәлелді себептер болуы мүмкін, сондай-ақ мұғалімнің шешімі бойынша басқа жағдайлар дәлелді себептер ретінде танылуы мүмкін.

3.16. Егер емтихан басталған сәтте немесе емтихан кезінде білім алушы техникалық сипаттағы проблемаларға (ажырату, энергиямен /Интернетпен жабдықтаудың кемшіліктері, техникалық сипаттағы өзге де проблемалар) тап болса, білім алушы 15 (он бес) минут ішінде осы жағдай туралы Университеттің корпоративтік электрондық поштасы/оқытушы мен мектеп деканатының телефоны бойынша дереу хабарлауға міндетті. Бұл ретте білім алушы мынадай деректерді көрсетуі тиіс: тегі, аты, әкесінің аты, пән атауы, оқытушының тегі, аты, әкесінің аты, техникалық проблеманың сипаттамасы. Білім алушыға корпоративтік электрондық пошта арқылы жүгінгеннен кейін оның өтінішін қарау нәтижелері туралы хабарланады. Егер білім алушы көрсеткен

мән-жайлар негізді деп танылған жағдайда білім алушыға емтиханның қайта тапсырылу күні, уақыты және тәртібі туралы хабарланады.

3.17. Емтиханды уақтылы тапсырмаудың техникалық немесе басқа себептері болған жағдайда Университет білім алушылары емтиханды сол күні Алматы қ.уақытымен сағат 18.00-ден кейін қайта тапсырады. Бұл ретте Мектеп оқытушысы мен деканаты емтихан сұрақтарын ауыстыруды қамтамасыз етеді. Емтиханды тиісті Ғылыми-білім беру департаментінің Мектеп деканаты қызметкерлері мен оқытушылары арасынан құрылған комиссия қабылдайды.

3.18. Емтихан кезінде білім алушыға өзімен бірге қара немесе көк түсті сиялы 2 қалам, таза қағаз парағы, мөлдір ыдыстағы су алып жүруге рұқсат етіледі.

3.19. Университет оқытушылары емтихан өткізілетін күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын емтихандарды өткізуге арналған материалдарды және емтихандарды өткізу нұсқаулығын білім беру порталына орналастырады. Оқытушы порталда бекітілген кестеге сәйкес емтихандарды өткізу күні мен уақыты бойынша өзекті ақпаратты енгізеді.

3.20. Қашықтықтан жұмыс жағдайында емтихан өткізумен байланысты техникалық проблемалар болған жағдайда оқытушы Университетте емтихан өткізеді.

3.21. Оқытушы емтихан басталғанға дейін 20 (жиырма) минут бұрын емтихан сілтемесі бойынша бейнеконференцияға кіреді және білім алушыларды сәйкестендіреді, академиялық адалдық қағидаларын сақтау туралы еске салады және білім алушыларды емтихан үдерісінде бақылайды. Емтихан басталған сәттен бастап оқытушы Білім алушыларды хабардар ете отырып, олардың бейнежазбаны жүргізуге келісімін алады және ЖАЗБА функциясын қосады. Емтихан аяқталғаннан кейін оқытушы Google дискіге емтихан бейне жазбаларын орналастырады және оны емтихан аяқталған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде сақтайды.

3.22. Оқытушыда техникалық қиындықтар туындаған жағдайда оқытушы дереу телефон арқылы Мектеп деканатының қызметкерлеріне немесе тиісті Ғылыми-білім беру департаменті директорының ассистенттеріне жүгінеді. Техникалық қиындықтарды жою кезінде Мектеп деканатының немесе Ғылыми-білім беру департаментінің қызметкерлері оқытушыны емтиханда ауыстыруды қамтамасыз етеді және / немесе емтихан тапсыру үдерісіне мониторинг жүргізеді.

4. Емтихан жұмыстарын тексеру

4.1. Емтихан жауаптарын алған оқытушы емтихан аяқталған сәттен бастап 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жұмысты тексеруге және Moodle жүйесіне баға қоюға міндетті. Емтихан ауызша түрде өткізілген жағдайда оқытушы емтихан аяқталған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Moodle жүйесіне баға қояды. Бағалау қойылғаннан кейін Moodle жүйесіне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

4.2. Бағалаумен келіспеген жағдайда немесе емтихан өткізу барысында жіберілген келеңсіздіктер жағдайында білім алушы Университеттің студенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы Мектептің апелляциялық комиссиясына тиісті өтініш жолдауға құқылы.

5. Емтихан бағасын анықтау критерийлері

5.1. Емтиханға баға қою объективтілік, әділдік, білім алушының білім деңгейін жан-жақты талдау қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Бағалау кезінде оқытушы мыналарды ескереді:

- бағдарлама бойынша нақты материалдарды білу, оның ішінде: курс бағдарламасы бойынша міндетті әдебиеттерді, заманауи жарияланымдарды, сондай-ақ ғылым тарихын білу;
- семинар сабақтарындағы білім алушының белсенділік дәрежесі;
- жауаптың логикасы, құрылымы, стилі; сөйлеу мәдениеті; пікірталасқа дайындық, жауаптың дәлелділігі; өз бетінше ойлау деңгейі; теорияны практикаға қоса білу, міндеттерді шешу;
- жоспарланған оқыту нәтижелерін игеру дәрежесі.

5.3. Бағалар критериилері:

«А» және «А-» бағалары мына мазмұндағы жауабы бар білім алушыға қойылады:

- оқытудың жоспарланған нәтижелерін толық игеруді еркін көрсету, шығармашылық қолдану,
 - оқу әдебиетімен салыстырғанда, бағдарламалық материалды, сондай-ақ дәріс курсының негізгі мазмұны мен инновацияларын терең білу;
 - бүкіл курстың тұжырымдамалық-ұғымдық аппаратын білу;
 - курс бойынша монографиялық әдебиеттерді білу,
- сондай-ақ мынадай қабілеттілігін көрсетеді:**
- курстың негізгі ережелерін өз бетінше сыни бағалау;
 - теорияны тәжірибемен байланыстыру.

«В+», «В», «В-», «С+» бағалары жауаптары мыналарды көрсететін білім алушыға қойылады:

- жоспарланған оқу нәтижелерін игеру туралы;
 - бағдарлама бойынша материалды толық білу туралы;
 - ұсынылған әдебиеттерді білу туралы,
- сондай-ақ, тұтастай алғанда, материалдың дұрыс, бірақ әрдайым дәл және дәлелді мәлімдемесін қамтиды.**

«С», «С-» «D+», «D-» бағалары мына мазмұндағы жауабы бар білім алушыға қойылады:

- жалпы жоспарланған оқу нәтижелерін игеру туралы;
- бағдарламаның маңызды бөлімдерін және дәріс курсының мазмұнын үстірт білу;
- ғылыми-ұғымдық аппаратты және курс терминологиясын пайдаланудағы қиындықтар;
- жауапты логикалық тұрғыдан нақты құруға деген ұмтылыс, сонымен қатар кейінгі білім алу мүмкіндігінің болуы.

5.4. «FX» бағалары жоспарланған оқу нәтижелерін игеруде, бағдарлама бойынша негізгі материалды білуде елеулі олқылықтары бар, сондай-ақ материалды баяндау кезінде принципті қателіктер жіберген білім алушыға қойылады.

5.5. «F» бағасы білім алушыға емтихан жұмысы болмаған жағдайда немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмегені үшін қойылады.

5.6. «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы оқытушы баға қойғаннан кейін бір тәулік ішінде Университет студенттеріне қызмет көрсету орталығына емтихан сессиясы барысында емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігін ұйымдастыру туралы өтініш жасауға құқылы.

6. Апелляция тәртібі

6.1. Білім алушылардың апелляцияға өтінішін Университеттің корпоративтік поштасы арқылы студенттерге қызмет көрсету орталығының электронды мекенжайына front-office@narxoz.kz жіберу арқылы жүзеге асырылады

6.2. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей Алматы қ.уақытымен 18:00-ге дейін беріледі. Осы уақыттан кейін берілген өтініштер қаралмайды және қараудан автоматты түрде алынады. Қарауға тек бірінші берілген өтініш қабылданады.

6.3. Өтініште білім алушы міндетті дәлелді түсіндірмемен емтихан бағасын қайта қарау туралы сұрай алады (мысалы, емтихан сұрақтарында белгілердің немесе символдардың дұрыс көрсетілмеуі; сұрақтың дұрыс тұжырымдалмауы; жауаптардың барлық нұсқалары көрінбесе; тапсырмада жауаптың бірнеше дұрыс нұсқасы (Moodle) бар болса; баға қою кезінде оқытушының түсініктемелерінде көрсетілген ескертулермен келіспеу; тестілеу бағдарламасындағы қиындықтар (Moodle); тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы (Moodle)). Бұл жағдайда апелляция жөніндегі шешімді емтихан сұрағының сараптамасы туралы қорытындыны және осы пән бойынша сараптама комиссиясының мүшелері білім алушының жауабын алғаннан кейін апелляциялық комиссия шығарады.

6.4. Өтініште апелляцияға нақты және дәлелді тұжырымдар болмаған, өтініш беру нысандары сақталмаған, апелляция жүргізу үшін анық емес ақпарат берілген жағдайда апелляциялық комиссия өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

6.5. Өткізілген апелляция нәтижелері бойынша балл/балл саны өзгертілуі немесе өзгеріссіз қалдырылуы мүмкін, комиссияның шешімі дәлелді болуы тиіс.

6.6. Білім алушының өтініші ол түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралады. Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде білім алушыға хабарланады.

7. Жауаптылық

7.1. Емтиханның барлық қатысушылары (оқытушылар, білім алушылар, деканаттан бекітілген тұлғалар) емтиханды ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ академиялық адалдық ережелерін сақтауға жауапты болады.